

МРНТИ 16.21.47

Ж.Оралқызы

Орталық ұлттар университетінің қазақ тілі мен әдебиеті факультетінің магистрі
Пекин қ. ҚХР

ҚАЗАҚША РЕСМИ ІС-ҚАҒАЗДАР ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ХАҚЫНДА

Аннотация: Тілдің құрлымдық бөліктерінің ішінде өзгеріске көп ұшырайтыны да, көненің көзін көбірек сақтайтын ол лексика саласы. Мақалада сөз болып отырған осы ресми іс қағаздардың лексикалық ерекшеліктері, қысқаша бірнеше түйінге жинақталып жан-жақты қарастырылып өзіндік ерекшеліктері анықталып талданып берілді.

Тірек сөздер: лексика, лексикалық тіркестер, сөздік қор, атаулар

Ж. Оралқызы

Магистр казахского языка и литературы, Центральный университет наций
Пекин, Китай

ЛЕКСИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ КАЗАХСКОГО ОФИЦИАЛЬНО- ДЕЛОВОГО ЯЗЫКА

Аннотация: Лексика в числеструктурных частях языка в большей степени подвержена изменениям, а также сохраняет более древние истоки. В статье рассматриваются и анализируются лексические особенности официально-делового стиля.

Ключевые слова: лексика, лексические фразы, словарный запас, названия

J.Oralkyzy

Master of Kazakh Language and Literature, Central University of Nations
Beijing, China

LEXICAL FEATURES OF THE KAZAKH OFFICIAL BUSINESS LANGUAGE

Annotation: The vocabulary among the structural parts of the language is more susceptible to change, and also retains the ancient origins. The article discusses and analyzes the lexical features of the official business style.

Keywords: lexicon, lexical phrases, vocabulary, names

Еуразия тарихына көз салар болсақ, шамамен XV ғасырдан бастап түркі тектес халықтар өз алдына жеке-жеке ұлт болып біріге бастады. Территориялық жіктеулеріне байланысты, қазақты құраған ру-тайпалар сан ғасырлық шұғылалы тарих қой-науында сахара өркениетін қалыптастырып үлгерді. Осылайша XV ғасырдың ортасына қарай Евразия құрлығын еңдей кесіп жататын ұлан-ғайыр алқапта Керей мен Жәнібек өз алдына шаңырақ көтеріп, қазақ хандығын құрды. Дәл осы күннен бастап, бір тудың астына біріккен ру-тайпалар біртұтас қазақ деген атпен тарих сахнасына көтерілді. XIX ғасырдың ортасында Ресей құрамына кіргенге дейінгі төрт ғасырдан астам уақытта Қазақ хандығы ел мәртебесін жойған емес. Осы кезеңдерде Қазақ хандығы, яғни қазақ хан, сұлтандары Ресей империясы, Цин патшалығы және олардың жергілікті әкімшілігіне дипломатиялық, саяси-экономикалық және шаруашылық салалар төңірегінде әр алуан

мақсаттағы хат-хабарлар жолдап отырды. Әсіресе, XVIII-XIX ғасырлар қазақша ресми іс-қағаздардың қауырт жазылған тұсы болды. Ресми іс-қағаздарды қағаздардың жолдау бағытына қарай екі топқа бөлуге болады: Бірінші, бағыс бағытына жазылған құжаттар. XVIII ғасырдың алғашқы жартысынан бастап кіші жүз ханы Әбілқайыр немесе оның ұрпақтары Ресей императоры және жергілікті әкімшіліктермен тығыз саяси-экономикалық байланыс орнатып, ресми іс-қағаздар арқылы хат-хабар алысып отырды; екінші, шығысқа бағытталып жазылған құжаттар. Бұған XVIII ғасырдың орталарынан кейін қазақтың Ұлы жүз бен Орта жүзін бастаған Абылай, Әбілпейіз хандардың немесе оның ізбасарлары Цин патшалығына және оның жергілікті әкімшіліктеріне жолдаған хат-қағаздары жатады. Қазақ хандығы тұсын-да және XIX ғасырдың орталарынан XX ғасырдың бас шеніне дейінгі уақыт ескі қазақ жазба тілі қазақ халқының саяси-әлеуметтік өмірінде аса маңызды тарихи рөл атқарды. Ескі қазақ жазба тілі де басқа жазба әдеби тілдер сияқты тарихтың бойлық кординатасы мен өңірдің ендік кординатасында қалыптасып, біртіндеп дамыды. О баста, Орталық Азия түркі халықтарына ортақ шағатай түркі тіліне бейім болғанымен, біртіндеп келе қазақ халқының өз алдарына саяси дербестік алып, хандық құруына байланысты оған халықтың ауызекі сөйлеу тілінің элементтері бірте-бірте ене бастады. Осылайша, қазақ қоғамында халықтық жазба әдеби тілі ескі қазақ жазба тілі біртіндеп қалыптасты.

Тілдың құрлымдық бөлектерінің ішінде өзгеріске көп ұшырайтыны да, көненің көзін көбірек сақтайтын да лексика саласы. Төменде сөз етіп отырған ресми іс-қағаздардың лексикалық ерекшеліктері қысқаша мына бір неше түйінге жинақталды.

1. Сөздік қоры

Сөздік қор сөздік құрам жүйесіндегі біршама тұрақты ұйтқы әрі сөздік құрамның ең маңызды бөлігі. Қазақша ресми іс-қағаздарының сөздік қоры жағынан қазақ тілді элементтері біршама басым орынды иеленді. Әсіресе жеке сөздер мен тіркестер татарша-шағатайша дәстүрлі орфографиямен жазылғандығы болмаса, қазақ тіліне тән екендігін байқауға болады. Мысалы:

Туыстық атаулар. Мысалы:

№	ескі қазақ жазба тілінде	қазіргі қазақ тілінде	
1	لغوا	oe	Ұл
2	اتا	ata	Ата
3	ئىنى	ini	Іні
4	الاب	bala	Бала
5	قىزى	qiz	Қыз
6	ئىگى	yigit	Жігіт
7	انا	ana	Ана

Жаратылыстық құбылыстармен мезгіл-мекен атаулары. Мысалы:

№	ескі қазақ жазба тілінде	қазіргі қазақ тілінде	
1	رى	yer	Жер
2	روتلىق	bultur	Былтыр
3	لى	yl	Жыл
4	كۈن	kün	Күн
5	لىق	bu yıl	Быйыл
6	وتشلىق	qışaw	Қыстау

Жануарлар мен өсімдік атаулары. Мысалы:

№	ескі қазақ жазба тілінде	қазіргі қазақ тілінде	
1	طا	at	Ат
2	نالبوقا	aq bökän	Ақ бөкен
3	قىلى	yilqi	Жылқы
4	چوروك	kürüç	Күрш
5	قوي	qoy	Қой
6	رغسپىرىيىپ	sigir	Сияр
7	ئالى	yılan	Жылан
8	نالىق	qoyan	Қоян
9	كۈك	kiyik	Қиық

Дене мүшелері мен киім-кешек атаулары және сапалық қасиет атаулары.
Мысалы:

№	ескі қазақ жазба тілінде	қазіргі қазақ тілінде	
1	كۆك	köz	Көз
2	قولى	qol	Қол
3	شالبار	çalbar	Шалбар
4	شاپان	šafan	Шапан
5	كۆپ	köp	Көп
6	ياھشى	yaħši	Жақсы
7	كۆك	kök	Көк
8	اق	aq	Ақ
9	ياش	yas	Жас
10	قارا	qara	Қара
11	قاراي	qarai	Кәрі

Есептік сандар мен есімдіктер. Мысалы:

№	ескі қазақ жазба тілінде	қазіргі қазақ тілінде	
1	ئەككى	ekki	Екі
2	ئۈچ	üç	Үш
3	تۆرت	tört	Төрт
4	زەككىز	zekiz	Сегіз
5	سەز	siz	Сіз
6	بىز	biz	Біз
7	ئۆزۈم	özin	Өзін

2. Өзге тілден қабылдаған сөздер

Қазақ хан сұлтандары Цин патшалығына және оның жергілікті әкімшіліктеріне жолданған хаттарында әскери терминдерді қытай, моңғұл, манжу сөздері арқылы беріліп, бірізді қолданып отырған. Мысалы:

№	ескі қазақ жазба тілінде	қазіргі қазақ тілінде	
1	بوغدا عېزەن خان	boğda ezen hān	Боғда Ежен хан
2	ياق	yaq	Ұаң
3	تايچى	taiji	Тайжы
4	جيان جۇن	jiānjūn	Жян Жүн
5	گۈن	gūn	Гүн
6	ئامبان	āmban	Амбан
7	خان	hān	Хан
8	لار ئانچ	jenarāl	Генерал

Боғда Ежен хан (ежен қасиетті, ең жоғары деген мағынада, моңғұл тілінен кірген, Цин патшасын меңзейді). Қытай тілінің дыбыстық аудармасынан кірген шен аттарынан: уаң (王); хан (汗); тайжы (台吉); ज्याн жүн (將軍); гөң (公); амбан (уәзі, ұлық, бастық, әкім деген мағынада, жатта қыб амбан, асқын амбан, батыр амбан сынды әскери атаулар кездеседі. Манжу тілінен кірген). Сонымен бірге парсы тілінен кірген шен атауынан генерал (جنرال, جنرال) сөзі көп кездеседі. Патшаны және жергілікті әкімшіліктерге жазылған хаттарда қарсы жағының мәнап лауазымына сай аралықтардағы үкімдерді дәріптеп ағайтын тұрақты эпитеттерде болып бұлардың түгелімен дерлік араб, парсы сөздері болды, осындай тұрақты эпитеттік араб, парсы сөздеріне түркі жұрнағы жалғанған. Мысалы:

№	ескі қазақ жазба тілінде	қазіргі қазақ тілінде	
1	مەرتەبەلى	šowkatlu	Мәртебелі
2	قادرلى	qodratlu	Қадірлі
3	ءامان	ezami	Аяулы
4	راھىملى	rahli	Рахымды
5	ئادىل	ādil	Әділ
6	مەھرىبان	mehrbānlu	Мейірбан
7	مەشھۇر	afzalyatlu	Мәшһүр

3. Сөздердің жарыспалылығы

Қазақша ресми іс-қағаздар тілінің лексикасына тән тағы бір ерекшелігі ол сөздердің жарыспалылығы, яғни бір мағындағы сөздің көне-жаңа, қыпшақтықоғыздық, түркілік-

арабтық, түркілік-парсылық, арабтық-парсылық түрлі варианттарының жарыса қолданылуы. Бір хатта кейбір етістіктердің түрліше қолданылуы, бұл хат жазушының қарсы жағына деген құрметіне, діндік наным-сеніміне қарай көп мағыналы сөздерді талдап қолдануы хаттың мазмұнында көп ұшырайды. Мысалы:

Хат жазу: хат көтеру (واتوك طخ [taħkötärw]); хат тұту (واتوت طخ [taħ tutuq]); хат ұшлау (واتشوا طخ [taħušlaw]).

Хат апару: тапсырған хат (طاخنباغرشبات [tapšurğan haṭ]).

Қайтыс болу: дүниясыз (دنيزيادين [dunyāsizin]); Бұрхан болу (ناغلوب ناخروب [burħan bolğan]); дүния салу (دنيا سالدی [dunyā saldı]); ахрет сапарын қыту (ادلقتو نارخا [dunyādīn ötkāli]); дүниеден өткелі (ادلقتو نارخا [dunyādīn ötkāli]).

Ауру: дерт (دارتلدی [dartaḷdi]); сырқау (سرخاوه [sırħaw]); науқас (ناهوشتو [nāhoš]), кесел (كيسال [kesäl]).

Тарту-таралғы ұсыну: (қазақ хан-сұлтандардың патшаға сыйлаған тартуын (блэк [böläk]) деп қолданса, патшаның жіберген тартуын «қайралап [qayralap]» деп қолданған.

Қызыл: қызыл (олан қызыл الوالغان [qizil ulan tamgā]) бұл арадағы ұлан сөзі де қызыл деген мағынаны білдіреді.

4. Лексикалық тіркестер

Қазақша ресми іс-қағаздар тілінің лексикалық тіркестерінің тілдік қолданысы, жұмсалатын орны, мағынасы және образдылығы қазіргі қазақ тілімен бірдейлігі жағынан біршама көзге түседі. Мысалы: жердің жүзін, күннің көзін (نيزوك كينوي كينوي [kūnнің közin yemіñ yūzin]); ақ киіп, аза тұту (بوتوت مزا بييكا [aq kiyip azaz tutup]); алтын етегін ұстай (ناتوتون زين زين يافتيا نوتلا [altun etäkinizni tutqandın]); темір мал (نالكمتي من ليقع [temir mal]); түн қату (بيتاق نوت [tün qatip]); ақыл тоқтаппаған (نالكمتي من ليقع [aqılna yetmāgā]); жанымның тірісінде, көзімнің сөлісінде (كيتيد ميوزوك اندي ييرت كيتيد مناج [jānimнің tirisindä közimнің sölisindä]); жесір әйел, жетім ұл (نوتباخر ييبي [yesir hātün yatim oğul]); кепіл болу (كابل ولوب [kafil bolw]); көз аларту (نات ترالا زوك [köz alartqan]); аптап жамалы, алтын бойы (ناتون بويا، ينالماج پاتفا [altun boyuñizni āftāb jamālñizni]); өтпей-тін өмір, өлмейтін адам жоқ (فوي جان ناغوشى ملوارمء ناغوت يامشوا [tmäytğan ‘umr ölmäytuğan ādam uoqō]); ақ дінселі (كيساليد ق [aq diñsälik]) т.б. Сонымен бірге жаттарда қазіргі қолданысы өзгерген немесе басқа тұрақты тіркестер де кездесетін кейбір сөздер де кездеседі. Мысалы: жарлығы сынбасын ((نوسپامسندي غراي) [yarlıgı sīnmasun]), бұл сөз жарлығын аяқсыз қалдырмау деген мағынада қолданылған. Ал қазір бұл сөз сағы сыну сынды ішінара тұрақты тіркестерде дәл осындай мағынада қолданылған. Байсалдап болып (بولوب يدلسپ ياب [bay saldı bolup]) – хатта бұл сөз бейбіт, тыныштық деген мағынада қолданылған. Ал бұл байсалды сөзі қазіргі қолданста адамның мінезіне және салт-дәстүрге байланысты «көш байсалды болсын» қолданылады да тыныш, баяшатты, бейбіт деген мағынасы қолданыстан қалған, тек хаттардың тілінде ғана кездеседі.

Қорға айтқанда, қазақ даласында жазылған осы хат-қағаздардың лексикалық ерекшеліктеріне қарап, сол тұста қызмет еткен бұл тілдің басқа кірме элементтерінен сырт қазақ тілінің мол лекциялық қорын арыдан сақтап келе жатқандығын көруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- [1] Әбділашымұлы Д. Ескі қазақ жазба тілі. Бейжиң: «Ұлттар» баспасы, 2015. – 42 б.
- [2] Әбділашымұлы Д. Қазақ уаңы Ханқожаның қой саудасы туралы Тарбағатай амбанына жолдаған хаты. Бейжиң: Шиньжяң қоғамдық ғылымы, 2011. – 20 б.
- [3] Әбділәшімұлы Д. Қытай бірінші тарихи мұрағатында сақталған қазақша құжаттар. Бейжиң: «Ұлттар» баспасы, 2016. – 10 б.
- [4] Кәкенұлы М, Гин Шэмин, Орынбайқызы Ж. Қазіргі қазақ тілі. Бейжиң: «Ұлттар» баспасы, 1999. – 37 б.
- [5] Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Бейжиң: «Ұлттар» баспасы, 2016. – 89 б.
- [6] Сыздықова Р. Сөз құдіреті. Бейжиң: «Ұлттар» баспасы, 2016. – 168 б.